

По результатам анализа, количественное содержание дубильных веществ больше в *Polygonum persicaria L. (горец почечуйный)*, а среди образцов одного и того же вида меньшее количество дубильных веществ содержится в образцах, заготовленных с южного региона. Это согласовывается с литературными данными, где отмечено, что содержание дубильных веществ в растениях, произрастающих на песчаных почвах, уменьшается.

Наличие флавоноидов установлено только качественной реакцией Брианта во всех образцах.

Таким образом, в результате проведенных исследований выявлена возможность использования разных видов *Polygonum* (горца) в качестве источника получения биологически активных веществ.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Абдыкаликова К.А. Фитохимический анализ лекарственных растений. – Костанай: КГУ им. А. Байтурсынова, 2002. – 60 с.
- 2 Гаммерман А.Ф., Кадаев Г.Н., Яценко А.А. Лекарственные растения (Растения - целители). – М.: Высш. шк., 1990. – 546 с.
- 3 Доброхотова К.В., Писарев А.А. Целебные растения вокруг нас. – Алма-Ата: Казахстан, 1980. – 144 с.
- 4 Ладыгина Е.Я., Сафронович Л.Н., Отрешенкова В.Ж. и др. Химический анализ лекарственных растений. – М.: Высш. шк., 1983. – 176 с.
- 5 Махлаюк В.П. Лекарственные растения в народной медицине. – Саратов: Приволж. кн. изд-во, 1991. – 544 с.
- 6 Химический анализ лекарственных растений / Под ред. профессора Н.И. Гринкевич, доцента Л.Н. Сафронович. – М.: Высш. шк., 1983. – 175 с.

ҚОСТАНАЙ ДАЛАСЫНЫҢ ТОПОНИМИКАЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРІ

TOponymic OBJECTS OF KOSTANAY STEPPE

**Ахметова Э.Б., Баймағанбетова Қ.Т.,
Баубекова Г.Қ., Коваль В.В., Омарова К.И.**

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ., Қазақстан

Қоршаған ортадағы объектілердің барлығының дерлік өз атаулары бар. БҰҰ сарапшылар тобының анықтамасы бойынша *географиялық атау* деп Жер шарындағы объектіге қатысты атауды атайды. Географиялық атау Жер бетіндегі белгілі бір жерді, объектіні немесе ауданды атау үшін ұдайы қолданылатын жалқы есім болып табылады. Географиялық нысандардың атауларын *топонимдер* деп атайды. Ал, географиялық атауларды (топонимдер), олардың шығу тегі, дамуы, қазіргі жай-күйі, мағынасы, жазылуы және айтылуын зерттейтін ғылым *топонимика* деп аталады (К.Д.Каймулдинова, 2011).

Географиялық ғылымдар тұрғысынан алғанда, топоним белгілі бір нысанға берілген атау емес, оның географиялық болмысын айқындап тұратын, мағыналық жүктемесі жағынан белгілі бір ақпарат бере алатын, жалпы алғанда сол нысанның өзінен айырып алуға болмайтын атау болып табылады.

Қостанай облысы – аумағы мен халық саны жөнінен Солтүстік Қазақстан аймағында ең үлкені. Ол Ресей Федерациясының үш облысы мен (Орынбор, Члябі, Қорған) және Қазақстан Республикасының төрт облысымен (Ақтөбе, Қарағанды, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облысы) шектеседі. Облыс аумағы 196 мың шаршы шақырым жерді, яғни Қазақстан аумағының 7,7 пайызын алып жатыр. Облыс аумағының солтүстіктен оңтүстікке дейінгі аралығы 750, ал батыстан шығысқа дейінгі аралығы – 250–400 шақырым. Облыс Торғай ойпа-тында, Батыс-Сібір жазығы немесе Тобыл-Обаған жазығында, қазақ ұсақшоқысының (Сарыарқа) батыс шетінде орналасқан (К.Базарбаев, 1952).

Торғай сөзі – «торық» және «ай» деген тайпалардың атынан жасалған. Ай – тайпа аты, торық /торығ – сөзі торы сөзінің көне формасы болу керек, яғни түске байланысты қойылған. **Торғай Үстірті**, Торғай төрткүл өлкесі – батысында Оңтүстік Орал мен Мұғалжар тауымен, шығысында Сарыарқамен шектесетін жазық аймақ. Солтүстігінде Тобыл маңы аккумуляттік жазығынан оңтүстігінде Шалқартеңізге дейін 600 км-ге созылады. Ені батыстан шығысқа қарай 300 км. Үстірт негізінен Қостанай облысының аумағында, аздаған бөлігі Ақмола және Қарағанды облыстары жеріне кіреді. Абсолюттік биіктігі батыс және шығыс бөліктерінде 200–300 м, оңтүстігінде Шалқартеңіз ойысына қарай 150–170 м. Солтүстік бөлігі аз тілімделген, көбінесе жазыққа ұласып кетеді. Оңтүстік бөлігінде үстірт беті біртұтас тегіс, беткейі тік. Үстірттің дәл ортасын жарып меридиан бағытында **Торғай қолаты** өтеді. Оның оң жағасы бойында құрғақ арналар, тұзды көлдер көп. Ірілері: Құсмұрын, Ақсуат, Сарықопа, т.б. Гидролық торы сирек, көбінесе жазда үзіліп қалатын өзендер басым. Бастылары: Торғай, Ырғыз, Өлкейек, Ұлы Жыланшық. Орта және оңтүстік бөліктерін бозғылт қызғылт қоңыр топырақты, бетегелі-жусанды шөлейтті дала алып жатыр. Қиыр оңтүстік шеті бозғылт қоңыр топырақты жусанды-сораңды шөл. Бұл бөліміне сусыма құм массивтері шоғырланған. Ірілері: Торғай өзен бойындағы **Тосын құмы**, Ұлы Жыланшық өзен маңындағы Аққұм және Ырғыз маңы құмы. Құмда жусан, еркекшөп, жүзгін басым өскен. **Торғай қолаты** – Торғай ойысының ең көрікті жерлерінің бірі. Ол үстірттің бүкіл территориясын солтүстіктен-оңтүстікке қарай кесіп өтеді, ол Батыс Сібір жазығының шегінен шығып солтүстікке қарай жылжйды, ал оңтүстікте Шалқар-Теңіздің Сор топырақтарында аяқталады.

Солтүстік бөлікте ені 35 километрге дейін жетеді, оңтүстікке қарай қолат Құсмұрын көлінің оңтүстігінде 50 километрге дейін бірте-бірте кеңейеді. Аудан шегінің жалпы ұзындығы 800 километр шамасында. Қолаттың түбі тегіс, еңі 15–50 километрге дейін. Қолатты 51° ендікті кесіп өтетін Арал-Ертіс су айрығының ендік сызығынан солтүстікке және оңтүстікке қарай әлсіз еңкейеді. Егер бұл ендікте қолаттың абсолюттік көрсеткіші 126 метр шамасында болса, онда Обаған өзені сағасы мен Шалқар-Теңіз сор топырақтарында олар 90 және 50 метрге тең болады. Аңғардың түбі солтүстікте – Обаған өзені мен салаларымен, ал оңтүстікте – Торғай, Ырғыз, Ұлықаяқ, Сарыөзен және оның салалары ағып өтеді. Аталып кеткен өзендердің көптеген салалары өзінің төменгі бөліктері қолаттың түбі арқылы ағады, ал жоғарғы бөлігі көбінесе өзінің беткейлерін кесіп өтеді және су айрық кеңістігінің алыс тереңдікке дейін кетеді. Бұл арықтар тұрақты су жинау алабы болмағандықтан, жаз кездерінде кеуіп қалады. Олардың еңі 30 метрден аспайды, тереңдігі-10 метрде болады. **Торғай өзені** – Қостанай облысының оңтүстік жартысының басты өзені. Торғай өзені Шалқар-Теңіз ағынсыз көліне құяды. Торғай өзені теңіз деңгейінен 700 м. Астам биіктіктегі Ұлытаудың солтүстік-батыс беткейінен басталады және Қараторғай деп аталатын **Қабырға** тармағына дейін ағады. Торғай өзенінің **Қараторғай** бөлігіне ірі салалар құяды. Сол жақтан – **Сарыторғай**, оң жақтан – **Саба-салды-Торғай**, **Үлкен-Қайыңды** және **Жаллама** өзені өзінің **Қарынсалды-Торғай**, **Тастыторғай** және **Ащыторғай** салаларымен бірге құяды. Торғай екінші жартысында ірі оң саласы – **Сарыөзен** (Сарыторғай) және **Қабырға**мен бірге **Ұлқояқ** өзендері. Торғай өзені тегіс жер бедерінде әлсіз ағыспен бірнеше тармақтарға бөлінеді. Өзеннің айтарлықтай тармақтары сол жағынан – **Қабырға**, оң жағынан – **Тоқанай** (Тобалды) болып табылады. **Қабырға** тармағы Торғай өзенінен **Сарытау** қонысында бөлініп, Торғай жеріндегі **Тосын құмына** сіңеді. **Тоқанай** тармағы Торғай өзенінен **Аманкелді** және **Жанкелдин** аудандарының шекарасында бөлініп, **Қарасай** жырасайында қайтадан Торғай өзеніне қосылады (В. Дейнека, 2002).

Ұлыжыланшық – өзен. Торғай өзенінің алабында, Жангелдин ауданында. «Айналмалы, ирек-ирек боп ағатын жіңішке өзен» мағынасындағы атау. Өзеннің ұзындығы 277 км.

Тобыл – Қостанай облысында. Тобылғы бұтасының қалың өсуіне байланысты қалыптасқан атау.

Тобыл-Обаған жазығы – Батыс-Сібір жазығының оңтүстік батыс бөлігі Қостанай облысының солтүстік жартысын, яғни Құсмұрын көлінен солтүсікке дейін алып жатыр. Бұл территория көл қазаншұңқырларымен шұбарланған әлсіз толқынды аллювиальды жазық бо-

лып келеді, ал территорияның батыс және орталық бөліктері Тобыл өзені жүйесінің өзен торабымен тілімделген. Жер бедерінің солтүстік бөлігінің басты элементтері жалдар мен жалдар арасындағы біркелкі солтүстік-шығысқа созылған қазаншұңқырлары болып табылады. Жалдар мен көлдік ойпандардың биіктігі 5–12 м. Құрайды. Облыстың Батыс-Сібір жазығы ең төмен жер болып есептеледі, абсолютті биіктігі теңіз деңгейінен 100 метрден 250 метрге дейін өзгереді. Жазықтың жалпы еңісі солтүстікке қарай құлайды.

Тобыл өзені – Тобыл өзені – Ертістің сол жақ саласы – Қостанай облысының басты су артериясы және Солтүстік Қазақстанның ірі өзендерінің бірі болып табылады. Облыс ішінде оның ұзындығы 725 км., су жинау алабының көлемі – 130 мың км². Тобылдың бастауы – Бозбие және Көкпекті өзендері шамамен теңіз деңгейінен 300 м. Биіктікте Орал алды үстіртінде орналасқан. Тобыл өзені өзінің басты салаларын сол жақтан алады. Тобылдың сол жақ салалары – Тұзды Дол, Шортанды, Желкуар, Аят, Үй, Тоғұзақ. Тобылдың оң жақтағы салалары – кішігірім өзендер Ащысу және Қайрақты, жалғыз ірі оң саласы – Обаған өзені облыс территориясынан тыс жерде қосылады.

Обаған – «Үйінді тасты, төбелі жердегі өзен» мәніндегі атау. **Обаған өзені** – Обаған-Торғай қолатының солтүстік табанындағы Шилі көлінен бастау алады. Кең аңғар табанымен меридиан бойынша ағып, Қорған облысының оңтүстігінде Тобыл өзеніне құяды. Өзеннің ұзындығы 376 км, су жиналу алабының ауданы 27300км².

Үй – «қазақ тіліндегі үй дегенді білдіреді», өзен өз бастауын Оңтүстік Орал жүйесіне кіретін Орал-Тау жотасының шығыс беткейлерінен 730 м биіктіктен алады, Тобыл өзеніне құяды. Өзеннің ұзындығы 462 км, су жиналу ауданы 34 400 км², Қостанай облысы территориясындағы су жиналу ауданы – 5500 км². Өзен аңғары кең (В.Дейнека, 2002).

Аят (Әйет) – Аят өзені Тобыл өзенінің ірі сол саласы болып табылады. А.К.Матвеев сөздігінде аят сөзі исламмен байланысты, түрік халықтарының діни сөздігінде кеңінен таралған, арабша аят «Құран өлеңі», «таңғажайып» дегенді білдіреді. Бұл гидроним құрбан шалып оқылатын сыйынудан шыққан болуы тиіс (3.5).

Тоғызак – «тоғыз» сөзінен және «ак» жалғауынан құралған, яғни «бар жоғы тоғыз ғана» дегенді білдіреді. Өзен Үй өзенінің оң саласы, ұзындығы 246 км. Өзен арнасы біртегіс, кей бөліктері күшті тарамдалған. Аралының ұзындығы 10 м-ден 200 м-ге дейін, ені 5–40 м, биіктігі судың төменгі деңгейінен 1–2 м. Өзен түбі тегіс, құмды, кей бөлігі тастақты (В.Дейнека, 2002).

Құсмұрын – Құсмұрын көлі – Облыс аумағындағы көлемі жағынан ең үлкен көл болып есептеледі. Көлдің координаты: 52°42' с.е., 64°49' ш.б. бойынша орналасқан. Жазықта, Торғай ойысында жердің үстіңгі қабатының шөгіп, ойысуынан пайда болған. Көлдің су жинау алабының жалпы алып жатқан көлемі 450-465 км². Негізгі көлден, Обаған өзені ағып шығады, оған қиылысатын басқа да кішігірім Ащы, Шилі өзендері т.б. қосылып құяды. Көлдің негізгі қоректену режимі, көктемде еріген қар және жауған жаңбыр суымен қоректенеді.

Географиялық атаулар дүниесі алуан түрлі және қызғылықты. Топонимдер уақыт өткен сайын ұмыт болуы, өзгертілуі мүмкін. Соған қарамастан, кейбір топонимдердің «жасы» бірнеше ғасырды құрайды. Топонимдер қоғам дамуының ажырамас бөлігіне айналған. Топонимия кез келген аймақтың, елдің тарихы мен географиясының, халқының айнасы деуге болады. Осы тұрғыдан алғанда, Қостанай облысының топонимдерінің мағынасын, олардың пайда болу жағдайларын, өзгеру сипатын зерттеудің маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Каймулдинова К.Д. Топонимика. – Алматы, 2011.
- 2 Базарбаев К. Кустанайская область. – Алма-Ата, 1959.
- 3 Историческая топонимика Костанайской области. 2 ч. – Костанай, 2010.
- 4 Историческая топонимика Костанайской области. 3 ч. – Костанай, 2011.
- 5 Дейнека В. Река Тобол в Казахстане. – Костанай, 2010.